

Ж.Р. Темірбековтың 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін ізденуге бағытталған «Құқықтық мемлекет, құқық үстемдігі концепциялары және күшті мемлекет құрудың мәселелері: шетелдік және қазақстандық тәжірибе» диссертациясының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі әлемде, жаһандану дәуірінде, біздің планетамыздың саяси картасында, технологиялық және құқықтық салаларда ақпарат, тәжірибе және жетістіктермен алмасу үдерісінде болмайтын ел табу қиын. Табысты құқықтық және экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін мемлекет ішкі тәжірибені және ресурстарды қарастыруы мен пайдалануы жеткіліксіз. Әлемдік кеңістіктегі интеграция қажеттілігі мыңдаған жылдар бойы дүние жүзінде жинақталған және қазіргі уақытта әр түрлі елдерде қолданылатын білім мен тәжірибені зерттеудің маңыздылығын анықтайды. Сонымен қатар, заманға сай болу қабілеті маңызды рөл атқарады, яғни, басқалар қол жеткізген шыңдарға ұмтылу. Мұның бәрі құқыққа да қатысты.

Қазіргі уақытта құқық үстемдігі – бұл құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етудің бүкіләлемдік идеалы. Сондықтан, Қазақстанда соңғы жылдары саяси және құқықтық салалардағы даму үрдісін, сондай-ақ осы тақырыпқа отандық құқықтанудың аз көңіл бөлуін ескере отырып, құқық үстемдігі концепциясының негіздерін талдау авторға теориялық және практикалық тұрғыдан актуалды және перспективті болып көрінеді. Бұл жұмыс біздің ойымызша қазіргі заманғы мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау процесінде лайықты бағыт болып табылатын құқық үстемдігі концепциясына назар аударта алады.

Құқықтық мемлекет доктринасы (Rechtsstaat) және конструктивті саяси билікті ұйымдастырудың және адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің тиісті тәжірибесі әлемнің, атап айтқанда, неміс саяси және құқықтық ойының маңызды құқықтық жетістіктеріне жатады. Құқықтық мемлекеттің өкілеттіктердің бөлінуі, жазбаша конституция, конституциялық бақылау, заңның үстемдігі сияқты қасиеттері бүкіл әлемнің көптеген мемлекеттерінің саяси және құқықтық дамуына елеулі үлес қосты. Осыған байланысты құқық үстемдігі концепциясы мен құқықтық мемлекет доктринасы (Rechtsstaat) арасында салыстырмалы талдау жүргізу қызықты әрі маңызды көрінеді. Диссертациялық жұмыста, осы концепциялардың пайда болуындағы айырмашылықтар зерттелді, оларды практикалық қолдану тәжірибесі зерттелді және олардың ұқсастығы қарастырылады.

XXI ғасырда адамзат қаржылық дағдарыстар, қалалардағы халықтың көптігі, экологиялық апаттар, лаңкестік және экстремизм, түрлі эпидемиялар, жаһандық жылыну және т.б. қиындықтарға тап болды. Мұндай жағдайда кез-келген мемлекет мұндай қиындықтарға қарсы күресудің және халықтың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етудің ең тиімді әдістерін іздестіреді.

Шынында да, мемлекет мәндерінің бірі – өз азаматтарды, олардың денсаулығын және мүлкін қорғау. Мүмкін, осы себептерге байланысты, соңғы кездері әлемдік қоғамдастықтың саяси және құқықтық әдебиеттерінде күн сайын күшті мемлекет туралы пікірлер айтылады. Сонымен бірге күшті мемлекет идеясымен бірге, ғылыми қоғамдастық осындай мемлекеттің негізгі белгілері туралы дискуссия орын алып жатыр. Демек, күшті мемлекеттің феноменін, оның негізгі қасиеттерін және қазіргі заманғы жағдайлардағы белгілерін зерттеу актуалды бағыт болып табылады. Бұл құбылыстың қасиеттерін зерттеудің маңыздылығы «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес, еліміз әлемнің ең дамыған 30 елдің тізіміне кіру үшін күшті мемлекет құру жолына түскенімен де байланысты.

Күшті мемлекетті зерттеу аясында құқық үстемдігінің күшті мемлекеттің қалыптасуына ықпал етуін зерттеу актуалды. Атап айтқанда, меншік құқығының қорғалуының, жеке қауіпсіздіктің, сыбайлас жемқорлықтың, сот билігінің тәуелсіздігінің және демократияның мемлекеттің саяси және құқықтық дамуына қалай әсер ететінін анықтау күшті мемлекетті қалыптастыру жолында практикалық маңызды болып табылады.

Ғылыми даму дәрежесі және пайдаланылған қайнар көздер ауқымы.

Берілген жұмыс мемлекет және құқық тарихы, мемлекет және құқық теориясы, саяси және құқықтық ілімдердің тарихы, конституциялық құқық, әлеуметтану және құқық философиясы, саясаттану және экономика салаларында отандық және шетелдік мамандардың зерттеулеріне негізделген.

Диссертациялық зерттеуде қойылған мақсатқа жету, келесі қазақстандық ғалымдардың еңбектерін қолдануға себеп болды: Абайдельдинов Е.М., Абдрасулов Е.Б., Айтхожин К.К., Амандықова С.К., Баймаханов М.Т., Баймаханова Д.М., Бейсенова А.У., Бусурманов Ж.Д., Жақаева Л.С., Жалаири О.Ш., Жанузакова Л.Т., Ибраева А.С., Калюжный В.А., Караев А.А., Малиновский В.А., Матаева М.Х., Мауленов Г.С., Нарикбаев М.С., Сапарғалиев Г.С., Тлепина Ш.В., Турецкий Н.Н., Ударцев С.Ф., сонымен бірге ресейлік және шетелдік авторлар: Баранов В.Ф., Баренбойм П., Ветютнев Ю.Ю., Затонский В.А., Каламқарян Р.А., Керимов А.Д., Коженко Я.В., Котляревский С.А., Лейст О.Э., Литвинова Е.А., Малько А.В., Марченко М.Н., Мигачев Ю.И., Мирошкина О.И., Миряшева Е.В., Понкин И.В., Соколов А.Н., Allan T.R.S., Barro R., Bingham T., Bogdanor V., Bonfeld M., Dicey A.V., Dick Howard A.E., Drago R., Duguit L., Dworkin R., Frandberg A., Fukuyama F., Haggard S., Hallberg P., Heper M., Herlitz N., Jowell J., Letourneur M., Mauro P., Migdal J., Mortimer N. S. Sellers, Stanse D., Swaleheen M., Thompson D., Tiede L., Treves G., William H. Dunham және басқалардың жұмыстары зерттелді.

Сонымен қатар, құқық үстемдігінің ерекшеліктерін,¹ құқық үстемдігі мен экономика арақатынасын,² құқықтық мемлекет³ пен күшті мемлекет⁴

¹ Қапа, мысалы: Dicey A.V. Introduction to the Study of the Law of the Constitution. 10th ed. London: Macmillan, 1959; Dworkin R. Popular sovereignty, the rule of law, and the “rule of judges” in the United States // The Rule of Law History, Theory and Criticism. Brunella Casalini / ed. by Pietro Costa and Danilo Zolo. The Netherlands: Springer. 2007; Allan T.R.S. In Defence of the Common Law Constitution: Unwritten Rights as Fundamental Law // The Law, Society and Economy Working Papers. 2009. № 5. Pp. 1-18; Баймаханов М.Т.-М. Право в глобальном мире: принцип верховенства права и актуализация традиционных начал и принципов (тезисы доклада перед магистрантами и студентами) // Вестник КазНУ. Серия юридическая. № 3. 2011. С. 13-14; Jowell J. The Rule of Law Today // The Changing Constitution / edited by Jeffrey Jowell and Dawn Oliver. Oxford: Oxford University Press, 2011; Bingham T. The Rule of Law. London: Penguin Books, 2011; Loughlin M. The British Constitution. A Very Short Introduction. Oxford, Oxford University Press. 2013; Халлберг П. Перспективы развития верховенства права в Центральной Азии: Пер. с англ. Душанбе: Апец, 2013; Sellers M.N.S. What is the rule of law and why is it so important? // The Legal Doctrines of the Rule of Law and the Legal State (Rechtsstaat). Ius Gentium: Comparative Perspectives on Law and Justice. Switzerland: Springer International Publishing. 2014.

² Қапа, мысалы: Barro R. Rule of Law, Democracy and Economic Performance // 2000 Index of Economic Freedom. New York: Heritage Foundation. 1999; Swaleheen M., Stansel D. Economic freedom, corruption, and growth // Cato Journal, 2007. № 3, Pp. 343-358; Haggard S., Tiede L. The Rule of Law and Economic Growth: Where are We? // World Development. 2011. Vol. 39, No. 5, Pp. 673-685; Верховенство права как фактор экономики / международная коллективная монография; под редакцией Е.В. Новиковой, А.Г. Федотова, А.В. Розенцвайга, М.А. Субботина. Москва: Мысль, 2013.

³ Қапа, мысалы: Бейсенова А.У. Правовое государство: власть, государство, право // Известия АН КазССР Серия общественных наук, 1989. № 5. С. 34-35; Малиновский В.А. Правовое государство и непосредственная демократия // Известия АН КазССР Серия общественных наук, 1989. № 5. С. 44-47; Ударцев С.Ф. Правопонимание и формирование правового государства (к проблеме эволюции государства) // Известия АН КазССР Серия общественных наук, 1989. № 5. С. 28-32; Нерсесянц В.С. История идей правовой государственности. Отв. ред.: Славин М.М. М.: Изд-во ИГиП РАН. 1993; Мальцев Г.В. Понимание права. Подходы и проблемы. М., 1999; Ибраева А.С. Идея правового государства как новая парадигма цивилизованного общества // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, 2000. № 2; С. 139-150; Баймаханов М.Т., Аюпова З.К., Ибраева А.С. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан: Монография. Алматы, КазГЮА, 2001; Ударцев С.Ф. Правовое государство: смысловые грани доктрины (из истории философии права) // Научные труды «Әділет» (Алматы, ВШП «Әділет»). № 1 (9), 2001. С. 5-35; Тусупов Е.О. Правовое государство и некоторые особенности его формирования в РК // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, 2002. № 2. С. 70-72; Матюхин А.А. Этапы становления и актуальные вопросы правового государства (Вступительное слово) // Научные труды ВШП «Адилет», 2003. № 1. С. 134-135; Адамбекова А.Д. О природе права и правового государства // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, 2010. № 3. С. 33-34; Баренбойм П. Соотношение доктрин Верховенства права и Правового государства как главный вопрос философии права и конституционализма. М.: ЛУМ, 2013; Frandberg A. From Rechtsstaat to Universal Law-State. Springer International Publishing. Switzerland. 2014; Зорькин В.Д. Право силы и сила права // Журнал конституционного правосудия. № 5, 2015. С. 1-12.

⁴ Қапа, мысалы: Migdal J. Strong societies and weak states: state-society relations and state capabilities in The Third World. Princeton, NJ: Princeton University Press, 1988; Анохин П.В. Концепция «сильного государства»: Исторический опыт и проблемы воплощения в условиях современной России: Дис. ... д-ра юрид. наук: 12.00.01 СПб., 2002; Затонский В.А. Сильное государство и активная личность: теоретико-правовой аспект / Под ред. проф. А.В. Малько. Саратов: Изд-во Саратов. Ун-та, 2005; Acemoglu D. Politics and economics in weak and strong states // Journal of Monetary Economics. 2005. № 52. Pp. 1199-1226; Фукуяма Ф. Сильное государство: Управление и мировой порядок в XXI веке: [пер. с англ.] / Фрэнсис Фукуяма. М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006; Мирошкина О.И. Концепт «Сильное государство» в современных условиях политико-правовой глобализации: теоретико-правовой анализ // Вестник Таганрогского института имени А.П. Чехова. 2010. №2с. С. 303-308; Нарикбаев М.С., Ударцев С.Ф. Формирование сильного, эффективного, демократического государства и Конституция // Совершенствование законодательства в свете концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года: Материалы международной научно-практической конференции 19 ноября 2010 г. I том. Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2010. С. 48-70; Fukuyama F. The Origins of Political Order: From Prehuman Times to the French Revolution. New York: Farrar, Straus and Giroux. 2012; Бусурманов Ж.Д. Сильное государство: возвращение к проблеме // Материалы научной конференции. Астана, 10 декабря 2013 г. («Актуальные проблемы государства и права»). Вып. 2.) / Университет КАЗГЮУ. НИИ правовой политики и конституционного законодательства, Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг», 2014; Цыганков А.П. Сильное государство: теория и практика в XXI веке // Россия в глобальной политике. 2015. № 3. С. 2-3; Ударцев С.Ф. Формирование сильного государства: казахстанская модель // Материалы научной конференции. Астана, 20 января 2016 г.

арақатынасын ашатын ғылыми әдебиеттің бар болуына қарамастан, қазіргі заманғы құқық үстемдігінің халықаралық түсінушілігі мен мәнінің аспектілері, құқық үстемдігі концепциясы мен құқықтық мемлекет доктринасы арақатынасы, күшті мемлекеттің «құқық үстемдігі» мемлекеті және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу ерекшеліктері әлі де зерттелмеген.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері – құқық үстемдігі концепциясының қалыптасу ерекшеліктері мен мазмұнын ашу, құқықтық мемлекет доктринасының (Rechtsstaat) ерекшеліктерін анықтау, құқық үстемдігі мен құқықтық мемлекет (Rechtsstaat) концепциялары арасында салыстырмалы талдау жасау, күшті мемлекеттің негізгі белгілері мен қасиеттерін анықтау, құқық үстемдігінің (Қазақстан жағдайында – құқықтық мемлекеттің) күшті мемлекетті қалыптастыру үдерісіндегі рөлін белгілеу.

Осы мақсатқа сүйене отырып, келесі ғылыми міндеттерді орындау қажет:

- Ұлыбританияның, Америка Құрама Штаттарының, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі мысалдарда құқық үстемдігінің тарихи даму ерекшеліктерін және қазіргі замандағы мәнін зерттеу;

- Германия, Франция, Италия, сондай-ақ Солтүстік Еуропаның кейбір елдеріндегі құқықтық мемлекет доктринасының ерекшеліктерін құқық үстемдігі концепциясымен байланыста зерттеу;

- Құқық үстемдігі (Rule of law) концепциясы мен құқықтық мемлекет (Rechtsstaat) доктринасы арасында салыстырмалы талдау жүргізу;

- Қазіргі замандағы күшті мемлекетті түсіну мен қалыптастыру тәсілдерін және күшті мемлекет концепциясының ерекшеліктерін зерделеу;

- Күшті мемлекетті шектеудің негізгі концепциялары мен әдістерін анықтау;

- Күшті мемлекеттің қалыптастыру үдерісінде құқық үстемдігі концепциясының рөлін зерттеу;

- Қазақстанда күшті мемлекетті қалыптастыру жолында құқықтық мемлекет доктринасының рөлі мен орнын қарастыру.

Зерттеу пәні:

- Ұлыбритания, АҚШ саяси және құқықтық ой-пікірлері мен саяси және құқықтық ескерткіштеріндегі, халықаралық құжаттардағы құқық үстемдігіне қатысты идеялар мен концепциялар;

- Германияның, Францияның, Италияның және Солтүстік Еуропаның кейбір елдеріндегі саяси және құқықтық ой-пікірлер мен саяси және құқықтық ескерткіштерде құқықтық мемлекет (Rechtsstaat) туралы идеялар;

- құқық үстемдігі (Rule of law) концепциясы мен құқықтық мемлекет (Rechtsstaat) доктринасы арасындағы айырмашылық және ұқсастық;

(«Актуальные проблемы государства и права»). Вып. 4.) / Университет КАЗГЮУ. НИИ правовой политики и конституционного законодательства, Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг», 2016. С. 8-18; Керимов А.Д. Сильное государство как определяющий фактор общественного прогресса: монография / А.Д. Керимов, И.Н. Куксин. М.: Норма, ИНФРА-М, 2017.

- күшті мемлекеттің ерекшеліктері мен белгілері, сондай-ақ оны шектеу түрлері;
- құқық үстемдігінің күшті мемлекетті құруға әсері;
- Қазақстан жағдайында күшті мемлекетті құрудағы құқықтық мемлекет доктринасының рөлі.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негіздері.

Зерттеудің методологиясын таңдағанда авторы зерттеу тақырыбының күрделілігін ескерді. Диссертациялық жұмыста қарастырылған мәселелер белгілі дәрежеде пәнаралық болып табылады. Яғни экономика, саяси және құқықтық ілімдердің тарихы, конституциялық құқық, әлеуметтанумен байланысты. Сондықтан, автор әдістердің кең ауқымын қолданды. Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізін зерттеу объектісі мен пәніне қатысты тарихи-құқықтық, нарративті-аналитикалық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық-математикалық тәсілдер құрады.

Диссертациялық зерттеуді жазған кезде, құқықтық құбылыстарды танудың салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, лингвистикалық, жүйелік әдістері де қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Диссертацияда:

- құқық үстемдігі тұжырымдамасын генезисі, дамуы және жүзеге асырылуының үдерісі терең тарихи және теориялық жағынан зерттелді;
- альтернативті, бірақ өзара байланысты идеалды қоғамдық-саяси құрылымды негіздейтін саяси-құқықтық негіздеудің нұсқалары ретінде құқық үстемдігі (Rule of law) концепциясы мен құқықтық мемлекет (Rechtsstaat) доктринасы арасында салыстырмалы талдау іске асырылды;
- шетелдік және қазақстандық әдебиеттегі күшті мемлекет туралы қазіргі заманғы саяси-құқықтық көзқарастар зерттеледі;
- кең эмпирикалық (халықаралық агенттіктердің ақпараты бойынша диссертант салыстырмалы және корреляциялық графиктер жасады, математикалық корреляциялық анализді іске асырды) және теоретикалық материалды қолдану негізінде күшті мемлекетті құру жолында құқық үстемдігінің ықпалы қарастырылды;
- Қазақстанда құқық үстемдігін дамыту мен күшті құқықтық мемлекет құру үдерісін оңтайландыру мақсатымен теориялық тұжырымдар мен кейбір нақты практикалық ұсыныстар жасалды.

Таңдалған тақырыпты ашып көрсете отырып, автор сонымен бірге құқықтық мемлекеттің құбылысын түсінуді дамыту үшін құқық үстемдігі концепциясының теориялық маңыздылығын көрсетеді. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекеттіліктің практикалық құрылысын жалғастыру үшін жаңа қосымша импульс пайда болады.

Бұл жұмыс қазіргі заманғы отандық құқықтық әдебиеттануда күшті мемлекетті құру үдерісіне құқық үстемдігінің әсер етуі бойынша ең алғашқы еңбектердің бірі болып табылады.

Қорғауға шығарылатын ережелер.

1. Профессор Альберт Венн Дайсидің (*Albert Venn Dicey*) «классикалық» құқық үстемдігі (Rule of law) концепциясы бойынша тұжырымдаған негізгі принциптері қазіргі Ұлыбританияның өзінде және АҚШ-та кейбір өзгерістерге ұшырады. Заманауи Ұлыбританияда, құқық үстемдігінің негізгі принциптері болып: құқықтық тәртіп, уәкілеттіктерді нақты анықтау арқылы мемлекеттік билікті шектеу, құқық үстемдігі келесі құқықтық құндылықтардың жиынтығы: заңдылық, әділеттілік және бассыз билікті терістеу. АҚШ-қа келетін болсақ, американдық саяси және құқықтық ойында «классикалық» құқық үстемдігі жазбаша конституциямен, билікті бөлу институтымен және адамның негізгі құқықтарының жүйесімен толықтырылды.

2. Құқық үстемдігінің мазмұны арнайы ғылыми әдебиеттер мен халықаралық құжаттарда әртүрлі беріледі. Жиі құқық үстемдігінің қолданыстағы анықтамасы толық емес немесе бір жақты болып табылады. Осыған байланысты, ұсынылатын құқық үстемдігінің авторлық анықтамасы біздің ойымызша, осы концепцияның негізгі мәнін толық көрсетеді: *құқық үстемдігі – жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттердің органдары мен мекемелері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар әділеттілік, бостандық, теңдік қағидаттарына сәйкес келетін және ең жоғарғы құндылық болатын құқық негізінде әрекет жасайтын қоғам мен мемлекеттің жағдайы.*

3. Францияда құқық үстемдігі концепциясының ең жақын аналогі – Etat de droit доктринасы, Италияда – Stato di diritto доктринасы, Солтүстік Еуропа елдерінде – Rattstaat доктринасы. Сонымен қатар, континенталды Еуропа елдерінің жоғарыда аталған барлық доктриналары неміс Rechtsstaat доктринасына негізделген. Сонымен бірге, құқық үстемдігі (Rule of law) концепциясы және құқықтық мемлекет (Rechtsstaat) доктринасы қоғамның идеалды саяси-құқықтық құрылымның ғылыми және идеологиялық нұсқалары болып табылады.

4. Қазіргі заманғы күшті мемлекет туралы саяси және құқықтық әдебиеттерді зерделеу нәтижесінде, ХХІ-ші ғасырда кез келген күшті мемлекет құқық негізінде қызмет етуі және тұрақты дамуы үшін мынадай ерекшеліктерге ие болуы керек деп тұжырымдауға болады:

- Құқық үстемдігінің жоғары деңгейі;
- Тиімді және билікті басқару;
- Елдегі ЖҰӨ-нің үлестірілуін реттеу мен бақылаудағы басым рөл;
- Экономиканы дамытуға жәрдемдесу;
- Экономикалық, әскери, ұйымдастырушылық, ақпараттық және адами ресурстарын жылдам жұмылдыру мүмкіндігі.

5. Сонымен бірге, күшті мемлекеттің қуатын құқықпен шектеу қажеттілігі тарихи тәжірибеден туындайды. Ғылыми әдебиеттерде күшті мемлекеттің қуатын шектеудің үш негізгі жолы бар:

- мемлекет өзін-өзі заңнамамен шектеуі (мемлекет өзін өзі мемлекеттік органдар арасындағы билік пен жауапкершілікті бөлу арқылы, әсіресе конституция арқылы шектеуі (бірақ басқа да жолдар болуы мүмкін);

- мемлекет азаматтық қоғаммен шектеледі (тікелей демократия механизмдері арқылы, құқықтары мен іргелі бостандықтарын қорғау үшін адамдардың белсенді, күнделікті күресі арқылы);

- мемлекет өкілді демократия арқылы шектеледі (демократиялық өкілеттілік институттарды құру, дамыту және олардың нәтижелі қызмет етуі арқылы).

Сонымен қатар, мемлекет қуатын тиімді шектеу үшін жоғарыдағы барлық әдістер бірге пайдаланылуы тиіс.

6. Ғалым-мамандардың саяси-құқықтық ойларын зерттеу, салыстырмалы және корреляциялық графиктер жасау, математикалық корреляциялық анализді іске асыру нәтижесінде (берілген елдер жиынтығы бойынша) құқық үстемдігінің жағдайына позитивті түрде меншік құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлықты азайту саласындағы жетістіктер әсер етеді деп тұжырымдауға болады. Қазақстан жағдайында құқық үстемдігін дамыту жолында сот билігінің тәуелсіздігін нығайту, меншік құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлықты бақылау саласындағы оң жетістіктер позитивті ықпал етеді.

Экономикалық өсімге келетін болсақ, берілген елдер жиынтығы бойынша, оған сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуі, адамның қауіпсіздігінің және сот билігінің тәуелсіздігінің нығаюы жақсы әсерін тигізеді. Қазақстанда экономикалық өсімге адам қауіпсіздігінің нығаюы оң ықпалын тигізеді.

Сонымен бірге, құқық үстемдігі мен экономикалық даму бір-бірімен байланысты және бірін-бірі шарттау мүмкін.

Зерттеудің нәтижесі бойынша құқық үстемдігін деңгейі мен жылдық ЖІӨ өсу қарқыны саяси құқықтардың деңгейіне дерлік тәуелді емес.

7. Қазақстанда құқық үстемдігін, құқықтық мемлекетті одан әрі дамыту жолында және сәйкесінше күшті мемлекетті құру жолында келесі ұсыныстардың ескерілуі оң ықпал тигізеді деп ойлаймыз:

- Халықтың құқықтық сауаттылығын, оның ішінде білім берудің әр түрлі деңгейлерінде адам құқықтарын қорғау бойынша арнайы курстарды енгізу арқылы және халықтың әлеуметтік осал топтарына тегін құқықтық көмек көрсету жүйесін дамыту арқылы кешенді түрде жетілдіру қажет;

- Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым тиімді құқықтық қорғау үшін дерлік барлық жоғары құқықтық деңгейлі елдерде бар әкімшілік сот төрелігін қалыптастыру және оның қызмет етуін қамтамасыз ету үшін әкімшілік-процессуалдық кодексті қабылдау қажет; Қазақстанның сот жүйесіне әкімшілік сот төрелігін енгізу процесі кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы мүмкін;

- Жиналыстар бостандығы және бейбіт қауымдастықтардың еркіндігі құқығын іске асыру үшін қосымша мүмкіндіктер жасау мақсатымен электрондық үкіметтің ресурстарын барынша белсенді пайдалану, виртуалды жиналыстар үшін бірыңғай Интернет-порталды құру. Мұндай портал белгілі бір мәселе бойынша өз пікірін білдіруге, топтар құруға және олардың шоғырландырылған көзқарасын Үкіметке жеткізуге болатын ыңғайлы алаң

болуы мүмкін. Бұдан басқа, порталдың қызметін реттейтін, сонымен қатар бөлек лауазымды тұлғалар мен оларға бағынышты тұлғалардың, басқа да жеке тұлғалар мен ұйымдардың портал қолданушыларына заңсыз қысым жасаудан қауіпсіздікті қосымша қамтамасыз етуге кепілдік беретін заң қабылдау қажет. Сонымен бірге, портал келушілерінің қызметі заңмен рұқсат шектен шықпау керек. Азаматтарға сот шешімдерінің орындалуын қадағалауға, сот шешімдерінің орындалуы бойынша республикалық және өңірлік статистиканы қалыптастыруға, талапкерлерден немесе айыпталушылардан шағымдарды алуға мүмкіндік беретін атқарушылық іс жүргізу бойынша бірыңғай Интернет-порталын құру;

- Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органның құзыреттілігін қолданыстағы заңнаманы тексеру бойынша Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне өтініш беру құқығымен және қылмыстық істі қозғау құқығымен қамтамасыз ету. Омбудсменнің негізгі міндеті болып адам құқықтары мен бостандықтарын кез келген мемлекеттік органның (соның ішінде құқық қорғау органдарының) немесе лауазымды тұлғалардың бұзуынан қорғау болып табылады. Омбудсмен адам құқықтары мен бостандықтарын түбегейлі бұзды деген күдікті мемлекеттік қызметкерлерге немесе құқық қорғау органдарына қарсы қылмыстық іс қозғау мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Сонымен бірге, Омбудсменнің құзыреттілігін кеңейту процесі Қазақстан Республикасының құқықтық, экономикалық және саяси ерекшеліктерін ескере отырып, кезең бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Диссертацияның **теориялық және тәжірибелік маңыздылығы**. Жұмыс пәнаралық сипатқа ие және мемлекет және құқық теориясы, құқық философиясы, конституциялық экономика, саяси және құқықтық ілімдер тарихы, салыстырмалы құқықтануға белгілі үлес қосады. Құқық үстемдігі концепциясын және құқықтық мемлекет доктринасын дамытуға, сондай-ақ күшті мемлекеттің концепциясын қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелерін құқықтық саясат концепциясын қалыптастыру үдерісінде, бакалаврлар мен магистрлерді дайындау үдерісінде жоғарыда аталған курстарды оқыту кезінде пайдалануға болады. Сонымен бірге, жұмыс нәтижелерін шетелдік саяси және құқықтық ілімдер мен институттарын одан әрі ғылыми-зерттеу кезінде ескеруге болады.

Зерттеудің теориялық маңызы құқық үстемдігі және құқықтық мемлекет доктринасының генезисі мен даму процестерін зерттеу негізінде оларды іс жүзінде жүзеге асыру бойынша ғылыми қорытындылар мен ұсыныстардың болуымен байланысты. Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігінің, мемлекеттік биліктің құқықпен шектеу мәселелерін жалпытеоретикалық және практикалық кешенді зерттелуі құқық үстемдігі концепциясының және құқықтық мемлекет доктринасының дамуына оң ықпал ететін қорытындылар мен ұсыныстардың қалыптастырылуына мүмкіндік берді.

Күшті мемлекеттің зерттелуі де маңызды теориялық және практикалық маңызға ие, өйткені бұл құбылыс мемлекеттің қазіргі заманғы әлемдегі рөлі мен орнын түсінудің бір жолы болып табылады. Диссертацияда күшті

мемлекеттің қазақстандық концепциясын қалыптастыруға ықпал ететін қорытындылар жасалады. Сонымен қатар, құқық үстемдігі мен күшті мемлекет арасындағы байланысты жан-жақты зерттеу практикалық маңызға ие қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу ережелері қазақстандық құқықтық мемлекет доктринасын, құқық үстемдігін, құқық шығармашылық үдерісін, мемлекеттік билік институттарын дамыту үдерісінде қолданылуы мүмкін. Құқық үстемдігі, құқықтық мемлекет доктринасы, күшті мемлекет ережелері бойынша қорытындылар отандық конституциялық құқық, мемлекет және құқық теориясы, салыстырмалы құқықтану, саясаттану, экономика және басқа ғылымдарда базистік бағдарлар қалыптастыру кезінде ескерілуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген «Құқық және мемлекет» (№ 1, 2015, № 2, 2015; №3, 2016) және «Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы» (№2, 2015), ресейлік «Мемлекет және құқық» (№5, 2015, бірлескен авторық) журналдарында жарияланған. Сонымен бірге, Scopus базасына кіретін «Journal of Advanced Research in Law and Economics» (№3, 2017; бірлескен авторлық) журналында жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері келесі халықаралық ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндалды: «Конституция Республики Казахстан – основной закон состоявшегося государства» (Астана, 2015), «Конституция: единство, стабильность, процветание», посвященной 20-летию Конституции Республики Казахстан (Астана, 2015), «Конституция – основа динамичного и стабильного развития общества и государства» (Астана, 2016), «Формирование сильного правового государства в XXI веке: отечественный и зарубежный опыт» (Астана, 2017), «Модернизация 3.0: Рухани жаңғыру» (Астана, 2017). Сонымен бірге, «Развитие юридических наук: проблемы и перспективы» атты, Новгород мемлекеттік университеттің 20 жылдығына және «Ассоциация юристов России» жалпыресейлік қоғамдық ұйымның 10 жылдығына арналған (Великий Новгород қаласы, Ресей Федерациясы, 2015) шетел халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында да баяндалды.

Диссертацияның құрылымы берілген ғылыми зерттеудің тақырыбы мен логикасына, сондай-ақ қойылған мақсаттар мен міндеттерге байланысты. Диссертация кіріспеден, қысқартулар тізімінен, он екі бөлімшені біріктіретін үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған қайнар көздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспеде диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі негізделген; отандық және шетел әдебиеттеріндегі ғылыми даму дәрежесі талданады;

зерттеу тақырыбы, мақсаты және міндеттері анықталған; зерттеудің әдістемелік негіздері сипатталған; диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы ұсынылған; қорғау шығарылатын ережелер әзірленді; жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетіледі; зерттеуді апробациялау туралы ақпарат берілді.

1 «Құқық үстемдігі концепциясының пайда болуы мен дамуы» бөлімі бес бөлімшеден тұрады. Бұл бөлімде құқық үстемдігі концепциясына талдау жүргізіліп, осы концепцияның негізгі ерекшеліктері зерттелді, Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарында, сондай-ақ халықаралық құқықта оны түсіну жолдары зерттелді.

1.1 «Ұлы Еркіндік Хартиясы – ортағасырлық Англиядағы құқық үстемдігі идеясының алғышарты» бөлімшесінде диссертант 1215 жылғы Ұлы Еркіндік Хартиясының саяси және құқықтық ерекшеліктерін зерттейді. Атап айтқанда, диссертанттың ойы бойынша, заңды құжат ретінде Ұлы Еркіндік Хартиясы корольдің билігі «өзара құқық пен міндеттердің бар болуын» танитын «жалпы құқықтан» пайда болатындығы туралы идеялардың шыңы деуге болады. Тарихи-саяси пайда болу себептерін қарастырсақ, бұл құжат монарх жағынан бассыздыққа қарсылық ретінде, корольді белгілі құқықтық шек шеңберіне қоюға талпыныс ретінде пайда болды. Сонымен бірге, құжаттың философиялық-заңды мазмұны келесі сұраққа жауап береді: «Не жоғарырақ – құқық үстемдігі ме, король еркі ме?». Мүмкін осыған байланысты, кейінірек, Ұлы Еркіндік Хартияның ережелері құқық үстемдігін қалыптастыру үдерісіне оң ықпал еткен өмір сүру құқығы мен бостандыққа құқық сияқты адам құқықтарының, көптеген процессуалдық кепілдіктердің дамуына үлкен ықпалын тигізді.

1.2 «Альберт Венн Дайси (Albert Venn Dicey) – құқық үстемдігі концепциясының негізін қалаушы» бөлімшесінде XIX ғ. соңынан бастап ағылшын конституциялық құқығында классикалық доктринаға айналған Rule of law («құқық үстемдігі») концепциясының негізін қалаушы Альберт Венн Дайсидің көзқарастары зерттеледі. Зерттеудің осы бөлігіндегі тұжырымдарға келсек, профессор Дайсидің айтуынша, құқық үстемдігі келесі принциптерден тұрады:

1) құқық үстемдігі – бассыздың сипатындағы әрекеттерге негізделген мемлекеттік биліктің әрбір жүйесіне қарсы құбылыс; бұл тұрғыдан алғанда, құқық үстемдігі билікке және оның лауазымды тұлғаларына заңмен анықталған өкілеттіктерден басқаша әрекет ету мүмкіндігін болдырмау құралы; билікке адамға қатысты «кең өкілеттілікке» негізделген «бассыз» әрекет ету, яғни өз қалауы бойынша әрекет ету мүмкіндігін болдырмауды мақсат етіп қояды;

2) құқық үстемдігі – заң алдында барлық қоғам мүшелерінің теңдігі. Бұған сәйкес лауазымды тұлғалардың өз әрекеттері үшін заң алдында жалтаруы мүмкін емес және лауазымды тұлғаларға кәдімгі заңдардың және соттардың юрисдикциясының таралуы көзделген.

3) құқық үстемдігі – «құқықтық рухтың» үстемдігі, яғни адам бостандығы (жеке бостандығы, сөз/ой бостандығы, пікір және көзқарас бостандығы, қоғамдық жиналыстар/митингтер мен демонстрациялар бостандығы) ресми документте (жазылған конституцияда) жарияланған кепілдіктердің салдары емес, керісінше – ағылшын қоғамында конституцияның өзі адам құқықтарының салдары, өйткені бұл құқықтар (адам құқықтары ретінде) конституцияны құрайтын құқықтың пайда болуы мен бекітілуіне дейін болған. Олардың нақты мағынасы судьялардың қарапайым соттарда нақты істерді қарастырудың ұзақ үдерісі кезінде осы құқықтардың мәнін түсіндіру нәтижесінде алынған.

1.3 «Қазіргі Ұлыбританияның конституциялық құқығындағы құқық үстемдігінің үш аспектісі» бөлімшесінде Ұлыбританияның қазіргі конституциялық құқығы аясында құқық үстемдігі концепциясының кейбір ерекшеліктері зерттелді. Атап айтқанда, диссертация біздің заманымызда «британдық» құқық үстемдігінің негізгі үш ерекшелігі бар. Бірінші ерекшелігі – құқық үстемдігін құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету шарты түсіну. Екінші ерекшелігі – кез-келген әрекеті үшін мемлекеттік билік «құқық рұқсатын» алуы керек. Үшінші ерекшелігі – құқық үстемдігі заңдылық, әділдік және бассыз биліктен бас тарту құндылықтарының синтезі.

1.4 «Америка Құрама Штаттарындағы құқық үстемдігінің айрықша белгілері» бөлімшесінде АҚШ конституциялық теориясы шеңберінде құқық үстемдігі концепциясының ерекшеліктері ашылады. Диссертанттың ойы бойынша бұл ерекшеліктерге мемлекеттік билікті Конституция арқылы шектеу, билікті бөлу институты, негізгі құқықтардың бекітілуі болып табылады. Американдық құқық үстемдігінің концепциясында АҚШ Конституциясының Бесінші және Он төртінші түзетулері ерекше орын алады, өйткені олар адамға «әділ сот процедурасын» және «заңның тең қорғауын» қамтамасыз етуге арналған. Автордың пікірінше, АҚШ-тағы құқық үстемдігі концепциясын түсіну және қолдану Ұлыбританиядағы алғашқы қабылданған «классикалық» құқық үстемдігі концепциясы үлгісіне қарағанда елеулі айырмашылықтарға ие. Басқаға қоса, «құқық негіздерінің» «тарихи» сипатына ерекше назар аударатын ағылшын нұсқасын американдық заңгерлер федералдық Конституцияда және штаттар конституцияларында бекітілген, жазылған сипатқа ие белгісімен толықтырды.

1.5 «Халықаралық құқықта құқық үстемдігін түсіну ерекшеліктері» бөлімшесінде халықаралық құқықта құқық үстемдігінің түсінілуі мен даму ерекшеліктері қарастырылады. Бұл бағыттың өзектілігі қазіргі заманда құқық үстемдігі концепциясы жиі мемлекет өз билігін жүзеге асырудың құқықтық үлгісі ретіндегі халықаралық құқық нормаларының бөлігі болып табылуымен байланысты. Бұдан басқа, құқық үстемдігі мемлекеттің халықаралық дауларды реттеуде әділеттілік принципіне бағынуды талап етеді – зорлық-зомбылыққа, қарулы күшті қолдануға немесе терроризмге жол берілмеу қажет. Осылайша, жағдайлар қаншалықты ерекше немесе қиын болғанымен, дауларды шешудің ең жақсы жолы – құқық үстемдігіне жүгіну.

2 «Құқықтық мемлекет туралы континенталдық доктриналар және құқық үстемдігі: салыстырмалы талдау» бөлімінде Rule of law концепциясымен салыстыру арқылы Rechtsstaat, Etat de Droit және Солтүстік Еуропадағы кейбір елдердің құқықтық мемлекет туралы доктриналары қарастырылады. Атап айтқанда, Rule of law концепциясы мен неміс Rechtsstaat доктринасы арасында салыстырмалы талдау жасалған. Француз Etat de Droit доктринасының қалыптасуы мен дамуы үдерісінде Rechtsstaat пен Rule of law маңыздылығы зерттеледі. Rule of law призмасы арқылы итальяндық Stato di diritto доктринасы мен Солтүстік Еуропадағы кейбір елдердің құқықтық мемлекет доктриналарының ерекшеліктері зерделенді.

2.1 «Неміс Rechtsstaat доктринасын және құқық үстемдігі арақатынасы» бөлімшесінде англосаксондық Rule of law концепциясы мен неміс Rechtsstaat доктринасы арасында салыстырмалы талдау жасалды. Олардың айырмашылықтары ретінде диссертант олардың дамулары мен қойған мақсатқа жету тәсілдерінің айырмашылықтарын санайды. Rechtsstaat доктринасы мен Rule of law концепциясының ұқсастығы ретінде олардың мақсаттарын, яғни мемлекеттік биліктің легитимділігінің идеалын іздеу. Сонымен бірге, диссертанттың тұжырымы бойынша XX ғасырдың екінші жартысында басталған Rule of law концепциясы мен Rechtsstaat доктринасының жаһандануы екі ілімнің конвергенциясына бастау болды, бұл өз кезегіне олардың өзара әсер етуіне және баюына алып келді.

2.2 «Француздық Etat de Droit доктринасының қалыптасуы мен дамуындағы Rechtsstaat және Rule of law рөлдері» бөлімшесінде автор француздық Etat de Droit доктринасының қалыптасу және даму ерекшеліктерін қарастырады. Атап айтқанда, Rechtsstaat және Rule of law әсері нәтижесінде қалыптасқан Etat de Droit доктринасының кейбір айқын белгілері көрсетіледі. Сонымен бірге, автордың пікірі бойынша, XX ғасырдың соңындағы француз әдебиетінде Etat de Droit доктринасының және Rule of law концепциясының жақындауы байқалады. Мұның кем дегенде екі себебі бар. Бір жағынан, бұл олардың негізінде жатқан идеялардың концепциялық ұқсастығынан пайда болады. Екінші жағынан, француз авторларының Etat de Droit доктринасын әлемде әмбебап танылған Rule of law доктринасының толық аналогі ретінде таныту талпыныстарының себебінен.

2.3 «Stato di diritto доктринасы – итальяндық Rule of law ретінде» бөлімшесінде диссертант Stato di diritto доктринасының бөлек негізгі жақтары мен практикалық жүзеге асырылуының ерекшеліктерін зерттейді. Сонымен бірге, автордың пайымдауынша, итальяндық заңгерлердің көпшілігі осы доктринаның мақсаты болып мемлекеттің биліктің шеңберін шектеу болып табылады. Мысалы, бірінші мәселе келесі болды: Stato di diritto доктринасы «тар» құқықтық мемлекет доктринасын білдіре ме (бұл пікірге қатысты аргументтердің бірі – итальян доктринасының неміс Rechtsstaat доктринасы негізінде жасалуы), әлде итальян доктринасының мәні Rule of law концепциясына жақын ба? Екінші жағдайда Stato di diritto доктринасын «кеңейтілген» нұсқада талқылауға болады. Екінші мәселе болып Stato di diritto

доктринасы іске асыру механизмін таңдау болды: мемлекеттік билік, соның ішінде заң шығару билігі де, адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету үшін не істеу қажет? Нәтижесінде, бірінші сұраққа жауап беруде *Stato di diritto* доктринасы *Rule of law* концепциясына жақынырақ деп санайтын «либералдық идеал» жақтастары жеңіп шықты. Екінші сұраққа келетін болсақ, ол Конституцияда адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекіту және Конституциялық Соттық құруын жүзеге асыру арқылы шешілді.

2.4 «Солтүстік Еуропаның кейбір елдеріндегі құқықтық мемлекет доктриналары және *Rule of law*» бөлімшесінде диссертант Солтүстік Еуропаның кейбір елдерінде құқықтық мемлекет доктриналарының ерекшеліктерін зерттейді. Автордың пікірінше, Солтүстік Еуропа елдерінде *Rule of law* секілді дәстүр болмағанымен, мемлекетті құқықпен шектеудің кейбір принциптері белгілі. Осы елдердің халықтарының тағы бір ерекшелігі, «құқық» және «заң» терминдер мағынасының нақты айырмашылығының болмауы, бұл құқықтық дамудың тарихи ерекшелігі болуы мүмкін. Бірақ бұл фактіні кемдік ретінде санауға болмайды, керісінше, ол заң шығаруда оң рөл атқаруы мүмкін, өйткені Солтүстік Еуропа азаматтары үшін кез келген заң әділетті болу керектігі принципі маңызды болуын білдіреді. Сондай-ақ, егер қажет болса, заңдағы кемшіліктерді толтырып, жалпы қағидаттарды қалыптастыру арқылы сот органдарының рөлін бөлек атап өту қажет. Барлық жоғарыда айтылған Солтүстік Еуропа елдерінде *Rule of law* концепциясына ұқсас концепцияның болғанын дәлелдейді. Орта ғасырларда бұл – «*land skall med lag byggas* [«ел құқық (заң) негізінде қалыптасуы тиіс»]», ал жаңа заманда – *Ratsstat*.

3 «Құқық үстемдігі концепциясы, құқықтық мемлекет теориясы және күшті мемлекет» бөлімінде күшті мемлекеттің заманауи түсінігіне деген көзқарастар талданады. Күшті мемлекетті құру жолында құқық үстемдігінің әсері анықталды. Қазақстан Республикасында құқықтық және күшті мемлекетті құру үдерісінде құқық үстемдігінің рөлі сипатталған.

3.1 «Күшті мемлекет түсінігін анықтаудың заманауи тәсілдері» бөлімшесінде диссертант күшті мемлекет құбылысы туралы қазіргі заманғы саяси және құқықтық ілімдерді зерттеді. Ғылыми қоғамдастықта осындай мемлекеттің қандай қасиеттер және ерекшеліктерге ие болуы қажет туралы әлі бірауыздық пікір жоқ. Біздің ойымызша, пікірлердің сан алуандығы бірінші кезекте мемлекеттің әлеуметтік құбылыс ретінде көп қырлылығы мен көпаспектілігімен байланысты. Сонымен қатар, күшті мемлекетке қойылатын талаптар дәуірге және қоғам мен әлемдегі жағдайға тәуелді. Сонымен бірге, күшті мемлекеттегі билікті шектеу идеялары да зерттеліп жатыр, бұл да өзекті бағыт. Диссертанттың ойы бойынша, ғылыми әдебиетте күшті мемлекет билігін шектеудің үш жолы бар: мемлекеттің өзін-өзі шектеуі (мемлекет өзін өзі мемлекеттік органдар арасындағы билік пен жауапкершілікті бөлу арқылы, әсіресе Конституция арқылы шектеуі (бірақ басқа да тәсілдер болуы мүмкін); мемлекет азаматтардың көмегімен шектеледі (тікелей демократия

механизмдері арқылы, құқықтары мен іргелі бостандықтарын қорғау үшін адамдардың белсенді, күнделікті күресі арқылы), мемлекет өкілді демократия арқылы шектеледі (демократиялық өкілеттілік институттарды дамыту мен жүзеге асыру арқылы).

3.2 «Күшті мемлекет және құқық үстемдігі» бөлімшесінде диссертант «Мемлекет қалай күшті бола алады?» деген сұраққа жауапты негіздейді. Күшті мемлекетті қалыптастыру және тұрақты экономикалық өсімге жету жолында құқық үстемдігінің дамуы маңызды рөлге ие. Құқық үстемдігін дамыту – экономиканы дамытудағы басты шарттардың бірі, онсыз күшті мемлекетті құруға болмайды. Осыған байланысты, сонымен қатар, бөлімшеде экономикалық өсуге қол жеткізудегі құқық үстемдігінің рөлі зерттелді. Атап айтқанда, құқық үстемдігінің себептің механизмдерінің ерекшеліктері және олардың құқық үстемдігі мен ЖІӨ-нің өсу қарқынымен арақатынасы зерттеледі. Зерттеу барысында құқық үстемдігі экономикалық өсудің қарқынына оң әсерін тигізетіндігі анықталды. Сонымен бірге, құқық үстемдігін нығайту кезінде мүліктік құқықтарды қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес маңызды рөлге ие. Сонымен қатар, экономикалық өсу қарқынына әсер ететін негізгі себептік механизмдер – бұл сыбайлас жемқорлық деңгейі, адам қауіпсіздігі мен сот билігінің тәуелсіздігі. Сондай-ақ, құқық үстемдігі мен экономикалық өсу қарқынының деңгейлерінің саяси құқықтардың деңгейіне тәуелділігі аз екендігі анықталды.

3.3 «Қазақстанда құқықтық және күшті мемлекет құруда құқық үстемдігінің рөлі» бөлімшесінде Қазақстандағы күшті мемлекеттің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі заманғы қазақстандық құқықтық ғылым өкілдерінің пікірлері зерттеледі. Олардың пікірінше күшті мемлекет бірінші кезекте адам құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау және жүзеге асыру үшін қажет. Сонымен қатар, құқық үстемдігін бекіту және дамыту арқылы Қазақстан өзінің құқықтық мемлекеттілігін дамытады. Бұған қоса, диссертанттың пайымдауынша, Қазақстан жағдайында құқық үстемдігін жетілдіруге сот билігінің тәуелсіздігі, меншік құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлықты бақылау саласындағы оң жетістіктер ең жақсы әсер етеді. Экономикалық өсу қарқынына әсер ететін себептік механизмдерге келер болсақ, экономикалық дамуға адам қауіпсіздігінің деңгейі айтарлықтай ықпал етеді. Сондай-ақ, автор, зерттеудің нәтижесі бойынша, Қазақстан жағдайында құқық үстемдігі мен экономикалық өсу қарқынының деңгейлері саяси құқықтарға дерлік тәуелді емес екенін пайымдайды.

Қорытындыда диссертант диссертациялық жұмыстың жиынын келтіреді, негізгі қорытындылар мен нәтижелер тұжырымдалады.

Қосымшаларда диссертациялық зерттеу жүргізу кезінде статистикалық деректері пайдаланылған елдердің тізімі және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің хаты келтірілген.

**Зерттеудің негізгі ережелері зерттеу тақырыбы бойынша 20
жарияланымда басылып шығарылды, соның ішінде:**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынылған басылымдарында **4 мақала**:

- Некоторые особенности понимания верховенства права в конституционной теории США // Право и государство (КазГЮУ) – Астана: 2015 – № 1 – С. 51-56;

- Проблемы правового государства в постсоветской юридической науке: некоторые аспекты // Вестник Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова – Караганда: 2015 – № 2 – С. 163-171;

- Magna carta – as the conceptual predecessor of the rule of law concept in the middle ages // Право и государство (КазГЮУ) – Астана: 2015 – № 2 – Рр. 89-92;

- Некоторые аспекты концепции верховенства права в конституционном праве современной Великобритании // Право и государство (КазГЮУ) – Астана: 2016 – № 3 – С. 10-15.

Scopus базасына кіретін шетел журналдарында **2 мақала** (бірлескен авторлық):

- Political And Legal Thoughts Of Some Kazakhstani Scientists-Lawyers Of The End Of The XX And Beginning Of The XX Centuries About Development Of The Law-Based State In Kazakhstan // The Social Sciences (на момент публикации журнал входил в базу Scopus) – 2016 - № 11(8) – Рр. 1437-1441;

- Rechtsstaat and Rule of Law: Some Aspects // Journal of Advanced Research in Law and Economics – 2017 – 3(25) – Рр. 1017 – 1024; (журнал входит в базу Scopus).

Халықаралық конференция материалдарында **6 мақала**:

- Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құру туралы кейбір ойлар // «Бірыңғай ғылыми және білім кеңістігінің қалыптасу жағдайларындағы студенттік ғылым» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы (2015 ж. 9-10 сәуір) (біріккен авторлық) / С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2014. Өскемен: ЖШС «Арго ШҚПК», 2014. 200-203 бб.;

- Конституция – құқықтық мемлекет құрудың маңызды кепілі ретінде // Қазақстан Республикасының Конституциясының 20 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасы Конституциясы – қалыптасқан мемлекеттің басты заңы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы (2015 ж. 27 наурыз) / Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015. – 150-152 бб.;

- Альберт Венн Дайси и концепция «Rule of law» («Верховенство права») // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция Республики Казахстан – основной закон состоявшегося государства», посвященной 20-летию Конституции Республики Казахстан (2015 г. 27 марта) / Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2015. – С. 147-150;

- Конституция – құқықтық мемлекеттің тірегі ретінде // Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған «Конституция: бірлік, тұрақтылық, өркендеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (2015 ж. 28-29 тамыз) / Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, Е.Б. Сыдыков. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015. – 482-484 бб.;

- Конституция және құқықтық мемлекет // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Конституция Күніне арналған «Конституция – қоғам мен мемлекеттің серпінді және тұрақты дамуының негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (2016 ж. 29-30 тамыз) / Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров. – Астана: Баспа: Азия-Принт-XXI: 2016. – 357-358 бб.;

- Конституционализм в Республике Казахстан (вопросы правовой политики) // Сборник материалов международной научно-практической конференции "Модернизация 3.0: Рухани жаңғыру" (25 августа 2017 года) / под общ. Ред. Г.С. Ныгыметова. – Астана: Институт Евразийской интеграции, 2017. - 252 с. – С. 190-193.

Шетел халықаралық конференция материалдарында **2 мақала**:

- Некоторые вопросы о пути развития правового государства в казахстанской политико-правовой мысли // Сборник материалов 2-й Международной научно-практической конференции «Право и политика: теоретические и практические проблемы», посвященной 20-летию юридического факультета Рязанского государственного университета им. С.А. Есенина. 4 ноября 2013 года / отв. ред. А.В. Малько; Ряз. гос. Ун-т им. С.А. Есенина. – Рязань: Издательство «Концепция», 2013. – С. 112-114.

- Великая Хартия Вольностей – как концептуальный предшественник концепции верховенства права в средневековье // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Развитие юридических наук: проблемы и перспективы», посвященной 20-летию юридического факультета Новгородского государственного университета имени Ярослава Мудрого и 10-летию общероссийской общественной организации «Ассоциация юристов России» (2015 г. 28-29 мая) / Отв. ред. О.Е. Калининская, В.Ф. Прокофьев. – Новгородский государственный университет имени Ярослава Мудрого, Великий Новгород. 2015 – С. 332-335.

РИНЦ-қа кіретін шетел журналында **1 мақала** (бірлескен авторлық):

- Концепции «Rule of law» (Верховенство права) и «Rechtsstaat» (Правовое государство): сравнительный анализ // Государство и право – Москва: 2015 – № 5 – С. 5-16. Журнал «Государство и право» также входит в базу Russian Science Citation Index, которая в свою очередь входит в общую базу Thomson Reuters.

Шетел конференция материалдарына **1 мақала**:

- Интерес в праве и конституционное государство // Сборник материалов Всероссийской научной конференции «Интересы в праве» (Жидковские чтения-2016). Москва, 25-26 марта 2016 г. / отв. Ред. М.В. Немытина. – Москва: РУДН, 2017. – С. 368-372.

1 оқу құралы (бірлескен авторлық):

- Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы / Шапақ У.Ш. Темірбеков Ж.Р. Молдабекова С.Т. – Астана: ТОО «Форма Плюс», 2015.

Республикалық конференция материалдарында **2 мақала**:

- Конституционализм: некоторые проблемы понимания. // Сборник материалов научной конференции «Актуальные проблемы государства и права» / НИИ правовой политики и конституционного законодательства. Университет КАЗГЮУ, 16 января 2015 г. Астана: ТОО «КазГЮУ консалтинг», 2015 – С. 71-74.

- Роль верховенства права в достижении экономического роста // Сборник материалов научной конференции «Формирование сильного и успешного государства в условиях новой глобальной реальности». Астана, 20 января 2016 г. («Актуальные проблемы государства и права». Вып. 4) / НИИ правовой политики и конституционного законодательства. Университет КАЗГЮУ, 16 января 2015 г. Астана: ТОО «КазГЮУ консалтинг», 2016 – С. 50-55.

Халықаралық дөңгелек үстел материалдарында **1 мақала**:

- Верховенство права и международный договор // Сборник материалов по итогам международного круглого стола «Взаимодействие национального и международного права» – Университет КАЗГЮУ, 15 мая 2015 г. Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг». 2015. – С. 114-117.